

Алматы қаласы жергілікті атқарушы органының 2000 жылға арналған қарыз алу лимитін пайдалану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 15 қыркүйек N 1395

Алматы қаласында экологиялық және санитарлық жағдайды жақсарту мақсатында
Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Алматы қаласы жергілікті атқарушы органының 2000 жылға арналған қарыз алу лимитінің шегінде жергілікті заем қаражатына жол-жөндеу техникасын сатып алу жөніндегі аймақтық инвестициялық жобаны іске асыру туралы Алматы қаласы әкімінің ұсынысына келісім берілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Ә. Өтембаевқа жүктелсін.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.